

Сабақтың тақырыбы:

Химия - тұрмыста



Сабақтың мақсаты:


Маусымның химия мен пәнін үздік меңгерген оқушыларын анықтау.

Дамытушылық:

Оқушыларға өз бетінше жұмыс бере отырып, ойлау қабілеттерін дамыту, алған білімдерін өмірде пайдалана білуге бейімдеу.

Тәрбиелігі:

Еңбек сүйгіштікке, ой еңбегіне, шапшаңдыққа, табиғатты қорғап, қоршаған ортаны қорғауға баулу.




Сабақтың типі: Білімдік шара

Сабақтың әдісі: Жеке жұмыс, сұрақ-жауап, ізденіс, есеп


шығару

Сабақтың түрі : Сайыс сабағы

Көрнекілігі: интерактивті тақта



І Ертегі әлемінде



I. Ертегі әлемінде

Бұл бөлімде химия пәнін өмірмен байланыстыра отырып, маңызына ғылыми тұрғыдан түсінік беріп, химиялық заттардың адам өмірінде және тұрмысында қолданылуы туралы айту.


Келесі беттегі суреттерге қарай отырып, Золушканың күнделікті тұрмыстағы жұмыстарын химия тұрғысынан айту.

- Гүлге су құю. Судың формуласын және молекулалық массасын айту. Фотосинтез процесінің жүруі (1-сурет)
- Судың қайнауы. Физикалық құбылыс дегеніміз не?
- Көмірдің жануы. Химиялық құбылыс. Жану дегеніміз не? Эндотермиялық және экзотермиялық реакциялар. (2-сурет)
- Ыдыстарды жуу. Адсорбция және десорбция
- (3-сурет)
- Тұздар дегеніміз не?





•Гүлге су құю. Судың формуласын және молекулалық массасын айту. Фотосинтез процесінің жүруі





- Судың қайнауы. Физикалық құбылыс дегеніміз не?
- Көмірдің жануы. Химиялық құбылыс. Жану дегеніміз не? Эндотермиялық және экзотермиялық реакциялар.



ХИМИЯ

ХИМИЯ



Ыдыстарды жуу.
Адсорбция және
десорбция дегеніміз
не?



II. Қызықты бес сұрақ

Консерві қалбыры
жасалатын
металл.

Өзім газбын,
менімен
демаласың, жоқ
болсам ауа жетпей
қиналасың

Шыдасаң да
алты күн ассыз
мүлде, Шыдау
қиын бұл затсыз
екі күнге

100 г суға 20г тұз
салынды .
Ерітіндінің масалық
үлесін есепте.

Адам мен
жануардан
бөлінеді, өсімдіктің
торына ілінеді



III Химия ғажайыптары

Біз қазір химия ғасырындамыз. Кәдімгі қасықтан бастап, ұшақ, жер серігіне дейін химия өнімдері. Адам тамақсыз, киімсіз, қажетті бұйымдарынсыз өмір сүре алмайды. Мінеки, солардың бәрін жасауға химия қатысады. Сондықтан да «Қайда қарасақ та, қайда көз жіберсек те көретініміз химия ғажайыптары» деп өте орында айтылған.

Қош келдіңіздер бүгінгідей ғажайыпты
Тамашалау бақыты бұйырғандар.





III. Әшекей бұйымдар аялдамасы

Әшекей тастары минералдар немесе тау жыныстары болуы мүмкін. Асыл тастардың шығу тегі де әртүрлі.



**Янтарь ертедегі
қылқанжапырақты ағаштардың
тасқа айналған шайыры**



Маржан теңіз омыртқасыздары - маржан полиптерінен түзіледі, кальций карбонатынан тұрады



Рубин мен сапфир негізінен алюминий оксидінен тұратын минералдарға жатады




Алмаз бір ғана химиялық элемент
көміртектен тұрады



Дәріхана аялдамасы

Күнделікті тұрмыста қолданылатын дәрілерге сипаттама беру






:

Космохимия

- Космохимия — ғарыш кеңістігіндегі заттар мен денелердің химиялық құрамын, химиялық элементтердің әлемде таралу заңдылықтарын зерттейтін ғылым.



Күннен алпыстан астам химиялық элемент табылды. Күн дегеніміз – бұл өте қатты қызумен жанып жатқан сутек газы.



Марс өзге ғаламшарларға қарағанда Жерге көбірек ұқсас. Оның атмосферасы көмірқышқыл газынан, азоттан, аргоннан тұрады. Марста аздап суда кездеседі.



Формулаларын жаз:

1

Калий
оксиді

2

Темір (III)
гидроксиді

3

Тұз
қышқылы-

4

Күкірт
қышқылы

5

Мыс (II)
сульфаты



IV. Сұрақ – жауап сайысы

1. Қанның құрамына кіретін металл?
2. Теріні ультракүлгін сәулесінен қорғайды. Өзін оттектің үш атомы құрайды.
3. Адам асқазанындағы қышқыл?
4. Адам бойының өсуіне әсер ететін химиялық элемент
5. Иод тапшылығынан болатын ауру.
6. Адам ағзасында қай элемент жетіспеуінен «тіс жегі» пайда болады?
7. Адам ағзасының жобамен 60-65 %-ын құрайтын сұйық зат




V Ғажайып шеңбер


Сайысымыздың келесі кезегі «ғажайып шеңбер» деп аталмақ. Мұнда әр топ 2 минут ішінде мына төменде келтірілген келесі суреттегі шеңберден элемент аттарын құрастыру керек. Қай топ көп элемент аттарын тапса, сол топқа ұпай беріледі.




У. Ғажайып шеңбер



"Ғажайып шеңбер"





ҮІ. Қорытынды.

**Сайыс қорытындысын әділ – қазы
алқасынан күтеміз. Жеңімпаздарды
марапаттау.**

